

ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
ғалымдарының мемлекеттік тілде
шығарылған Академия
басылымдарының электрондық
көрмесі

Мұқашева Б.Ә., Дёмушкина Л.О., Әбіл Е.Қ. Экономиканы мемлекеттік реттеу: Оқу құралы. Астана: ҚР Президентінің жанынжағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 229 б.

Оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық сұрақтары баяндалған. Нарықтық экономика жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеудің жүргізу мен ұйымдастыруды түрлері, механизмдері мен құралдары қарастырылған.

Мәжіденова Д.М. Дипломатиялық қызметінің тарихы: моногр. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 240 б.

Ұсынылған еңбек дипломатиялық қызметінің тарихы мен тәжірибесіне арналған. Монографияда әртүрлі тарихи кезеңдердегі мемлекеттердің дипломатиялық қызметі институттарының түзілуі мен дамуы жан-жақты көрсетілген. Автор халықаралық қатынастар саласындағы ғалымдар мен мамандардың, магистранттар мен студенттердің бұл еңбекті оқу үрдісіне және дипломатиялық тәжірибеде іс жүзінде пайдаланатындықтарына зор сенім білдіреді.

Мәлікова А.Ш.Бұзақылық қылмысын саралау: Монография. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. – 166 б.

Бұл жұмыста тұңғыш рет монографиялық деңгейде қылмыстық құқықтағы бұзақылық қылмысының саралаудағы орны, ұғымы, түрлері, құқықтық негізі, бұзақылық қылмыс құрамының саралаудағы маңызы қарастырылған. Оқырманға толықтай мәлімет беру мақсатында автор бұзақылық қылмысының сараланған барлық белгілеріне және құрылымына да тоқталып өткен.

Мәлікова А.Ш. Қазақстан Республикасындағы ювеналдық әділет (қылмыстық құқық және криминологиялық аспектілер): Оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 171 б.

Бұл жұмыста тұңғыш рет мемлекеттік тілімізде ювеналдық әділеттіктің құқық жүйесіндегі орны, ұғымы, түрлері, құқықтық негізі, кәмілетке толмағандардың девиантты мінез-құлқы қарастырылған. Оқырманға толықтай мәлімет беру мақсатында автор кәмілетке толмағандарды барлық белгілеріне және құрылымына да тоқталып өткен.

Сандыбаев Ж.С.Ортағасыр Шығыс философиясындағы басқару мәдениетінің адамгершілік негіздері: Монография. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – 2011. -102 б.

Монографияда ортағасыр шығыс ойшылдары әл-Фараби, ибн Сина, әл-Ғазали және ибн Баджа мен ибн Хальдун сияқты ғалымдардың ілімдері бойынша мемлекетті басқару мәдениеті, басқарушылық әдістері сондай-ақ қоғамдық мораль, этика, эстетика, құқық нормалары мен қағидаларына сай келетін басқару әдістері қаралады. Адам, қоғам және мемлекет ұғымдарымен қатарадамгершілік құндылықтар зерделеніп, билік пен халық арасында болуы тиіс қарым-қатынастың әдептілік ережелері сараланады.

Сандыбаев Ж.С.Мемлекеттік қызметшінің этикасы және имиджі: оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – 2011. -86 б.

Оқу құралы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі этиканың негізгі мәселелерін зерттеу арқылы мемлекеттік қызметтің этикалық аспектілерін ашып, мемлекеттік қызмет жағдайында мемлекеттік қызметшілерге қойылатын этикалық нормаларды талдайды. Мемлекеттік қызметтегі ұстанымдар мен іскерлік қарым-қатынастың этикалық заңдылықтарын мемлекеттік қызметшінің ар-намыс кодексімен сабақтастыра келіп, мемлекеттік қызметшінің жағымды имиджін қалыптастырудың теориялық негіздерін баяндайды.

Сүлейменов Т.С. Қазақстан және Шығыс Еуропа елдері: негізгі бағыттары мен ынтымақтастық басымдықтары: Моногр. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 179 б.

Монографияда мемлекетаралық ынтымақтастықтың теориялық аспектілері, негізгі үлгілері қарастырылған. ҚР сыртқы саясатының халықаралық және өңірлік ұйымдарымен, атап айтқанда Шығыс Еуропа елдерімен шарттық-құқықтық талдауы берілген. Шығыс Еуропа елдеріндегі реформалар үдерісі және олардың Қазақстан үшін мәні көрсетілген. Шығысеуропалық векторды қалыптастыру тетіктері, сонымен қатар саяси-экономикалық және мәдени қарым-қатынас басымдықтары зерттелген.

Бұл еңбекті “Халықаралық қатынастар” мамандағының магистранттары, студенттер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, аспиранттар, ғылыми қызметкерлер, сонымен бірге сыртқы саясат мәселелеріне қызығушылық танытқан көпшілік қауым қолдана алады.

Бейбітов М.С., Мәлікова А.Ш. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы(жалпы бөлім): Оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекетті басқару академиясы, 2009. – 213 б. Бұл оқу құралында Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының жалпы мәселелері, оның қағидалары, қылмытсың ұғымы, қылмыс құрамы, қылмыстың жасалу сатылары, қылмыс пен жаза туралы ұғымдар, сонымен қатар жазаға тарту мен одан осату, соттылықтан арылу тәжірибесі қарастырылған. Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға, сот, прокуратура және тергеу органдарының қызметкерлеріне арналған.

Құрықбаев Ә.Ж. Қылмыстық құқықтағы меншікке қарсы қылмыстар: оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. – 94 б.

Бұл жұмыста тұңғыш рет ана тілімізде оқу құралы деңгейде қылмыстық құқықтағы меншікке қарсы қылмыстардың саралаудағы орны, ұғымы, түрлері, құқықтық негізі, меншікке қарсы қылмыс құрамының саралаудағы маңызы қарастырылған. Оқырманға толықтай мәлімет беру мақсатында автор меншікке қарсы қылмыстардың сараланған барлық белгілеріне және құрылымына да тоқталып өткен.

Мәлікова А.Ш. Субъективтік белгі бойынша қылмысты саралау: Монография. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекетті басқару академиясы, 2008. – 286 б.

Бұл жұмыста тұңғыш рет монографиялық деңгейде қылмыстық құқықтағы қылмыста саралаудың орны, ұғымы, түрлері, құқықтық негізі, қылмыстың субъективтік жағының саралаудағы маңызы қарастырылған. Оқырманға толықтай мәлімет беру мақсатында автор қылмыстың субъективті жағының барлық белгілеріне және құрылымына да тоқталып өткен.

Әбділдина З.А. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі: оқу құралы (екінші басылым өзгертулермен). – Астана, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 168 б.

Оқу құралында мемлекеттік жоспарлаудың мәні мен ерекшеліктері ашылған, мемлекеттік жоспарлаудың әдіснамалық және әдістемелік мәселелері баяндалған. ҚР-да мемлекеттік жоспарлауды енгізу кезеңдері, мемлекеттік жоспарлауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тетіктері қарастырылған. Оқу құралы өзін-өзі тексеру сұрақтарымен және тестілермен толықтырылған.

Шаханов Е.А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 169 б.

Оқу құралында ғылым философиясы зерттейтін мәселелерге қысқаша шолу жасалады. Мұнда ғылым философиясы ерекше білім жүйесі, рухани өндірістің түрі мен әлеуметтік институт ретінде зерттеледі. Ғылымның генезисі мен тарихы, дамуының жалпы заңдылықтары, адам өмірі мен қоғамдағы рөлі, ғылыми танымның құрылымы мен динамикасы, әдіснамасы, жеке ғылымдар мен философияның байланысы, оның болашағы сияқты тақырыптар талқыланды. Ғылым философиясы тұтастық тұрғысынан қарастырылып, оның негізгі құрамды бөліктері мен байланыстары жүйелі түрде сараланады. Ғылымның жалпы мәселелерімен қатар қоғамды-гуманитарлық ғылымдардың философиялық сұрақтары да қарастырылады.

Жұмыс магистранттарға, докторанттарға, ғылыми зерттеу саласындағы мамандарға арналады.

Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 168 б.

Оқулық тіл білімінің өзге ғылымдармен сабақтастығына негізделіп, тіл ме таным ұғымдарының байланысынан туындайтын мәселелерді теориялық тұрғыдан талғауда бағытталған. Тілдік бірлектерді адамның ойлау, қабылдау және жадыда сақтау әрекеттерімен ұштастыру ғылыми тұжырымдар көкжиегін, терминдер аясын кеңейтуге және адамзат тілі туралы жан-жақты ақпарат ала отырып, оның ішкі мүмкіндіктерін іске асырыға әсер етері сөзсіз, сондықтан оқулық оқу үрдісіне қолдану мақсатында тіл мамандарымен қатар, психология, әлеуметтану және философия салаларына қатысты мамандық иелеріне де арналып дайындалды. Оқулықта жинақталған қайталау сұрақтары сөздік пен қосымша мәтіндер топтамасы “Когнитивтік лингвистика” пәнінің ұстанымдары мен ұғымдарын меңгеруге көмектеседі.

Айтмұхаметова Қ.Ө. Сөз мәдениеті және риторика (Мемлекеттік қызметшілерге арналған): оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 167 б.

Оқу құралында қазіргі әдеби тілі мен оның функционалды стильдеріне сипаттама беріледі. Сөз мәдениетінің әр түрлі аспектілері (нормативтік, коммутивтік, этикалық), ресми-іскерлік қатынастағы сөз мәдениеті тілдік және тілдік емес ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар шешендік өнердің түрлері мен өзара ерекшеліктері, пікірталас мәдениетінің (ойталқы мен сөзталқы, ойжарыс мен сөзжарыс) талаптары, шаршы сөздің құрылымдық және стильдік белгілері жөнінде кеңінен мағлұмат беріледі.

Оқу құралы магистранттардың сөйлеу этикасын жоғары деңгейде меңгеріп, тілді әлеуметтік қызметі мен рөліне қарай орынды қолдана білуіне, тілдік біліктілігін кәсіби біліктілігімен ұштастыра отырып жетелдіруіне бағыттайды.

Қабыкенова Б.С. Құқықтық мәдениет: Оқу құралы. – Астана : ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011- 127б.

Қоғамның жалпы мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын құқық мәдениетінің маңызы құқық пен заң тәжірибесі шеңберінен кең. Құқық пен құқықтық құндылықтардың реттегіш қасиеттерінің, құқық прогресі мен рухани мәдениеттің шекті даму деңгейінің көрінісі болып табылатын құқық мәдениетінде қоғамның құқықтық санасы іске асырылады. Назарларыңызға ұсынылып отырған оқу құралында құқық мәдениетінің құқық, құқықтық бостандық, құқықтық теңдік және құқықтық әділеттілік мәндерін философиялық пайымдаудың қалыптасуы мен дамуы генезисі арқылы түсінуге негізделген сипаттамасы берілген. Құқық мәдениеті мәнін талдауда тарихи және теориялық тәсілдердің біріктіріле қолдануы оқу құралының құндылығын анықтайды. Автор құқықтың табиғатын, құқық мәдениетінің мәнін философиялық пайымдау арқылы ашып көрсетеді. Оқу құралы магистранттарға, аспиранттарға және судьялардың біліктілігін арттыру курстары тыңдаушыларына құқық философиясын, құқық мәдениетін, құқық теориясын оқу барысында пайдалануына, сондай-ақ, философтарға, заңгерлерге және жалпы оқырман қауымға арналған.

Төленбергенова Н.Т. Мемлекеттік қызметшінің іскери тілдік тұлғасы: дискурстық әдістеме, Монография. – Астана : ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2010. - 203 б.

Монографияда әдістеме ғылымындағы дискурстық бағыттың қалыптасуы, даму алғышарттары теориялық тұжырымдарға сүйене берілді. Тілдік тұлғаны қалыптастырудың лингвистикалық, әдістемелік, ұйымдастыру аспектілері қалыптастырып, мемлекеттің қызметші тілдік тұлғасының дискурстық сөйлесім моделі сипатталады.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшінің дискурстық тілдік тұлғасы талданып, оны қалыптастырудың әдістемесі ұсынылады. Еңбекте жазылым дискурстарында жиі кездесетін қосымшалар, сандар мен даталар, қысқарған сөздер, тынысбелгілер жазылымының біріздендірілген нормалары берілді.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен аспиранттарға, студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған.

Есімова Ш.А. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі: теория және тәжірибе: моногр. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 425 б.

Монография Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелеріне арналған. Мұнда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік менеджментінің дамуына айрықша назар аударылады.

Оразалиева Э.Н. Мемлекеттік қызмет және сөйлеу мәдениеті: оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 178 б.

Оқу құралы сөйлеу мәдениетінің нормалары мен негізгі ұстанымдарын, іскерлік қарым-қатынастың этикалық заңдылықтарын мемлекеттік қызметшінің ар-намыс кодексімен сабақтастыра талдауға бағытталған. Жеке тұлғалардың сөз өнері мен қоғамдық ортада ұстау әдебін дамыту мақсатын көздеген тапсырмалар мен психологиялық тест үлгілері қазақ тілінде сөйлеуші оқырман қауымға және оқытушыларға арналып дайындалған.

Баймағамбетов С.З. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару: оқу құралы. – Астана, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – 2013. – 193 б.

Осы оқу құралда теориялық зерттеу нәтижелері жинақталған, жергілікті мемлекеттік басқарудың әртүрлі жақтарына талдау жасалған, жергілікті мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға басланысты жекелеген теориялық және нормативтік-құқықтық ережелерді іс жүзіне асырудың мысалдары келтірілген.

Нұрышева Т.С. Мемлекеттік басқарудың теориясы және практикасы: Оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2013. – 171 б.

Ұсынылып отырған оқу құралы қазіргі таңдағы және болашаққа бағытталған мемлекеттік басқару теориясы мен практикасына қатысты мәселелерді қамтиды. Ол қазіргі қоғам өміріндегі мемлекеттік-басқармалық құбылыстардың заңдылықтарын, әлеуметтік шарттылықтың факторлары мен нәтижелігін толық қамтитын ерекшеліктерді қарастырады және пәнаралық көзқарасы негізделген.

Нарбинова М.М. Жалпы құқық теориясы бойынша дәріс курсы: Оқу құралы / Аударғ. Бисмильдина Д.Д. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекетті басқару академиясы, 2010. – 132 б.

Оқу құралы заң ғылымдарының жетістіктерін пайдаланыла отырып, жаңа сапа деңгейінде жазылған. Автор жалпы құқық теориясы жазу барысында дүниежүзілік құқықты мәселелерді ҚР-ның мемлекеттік-құқықтық дамуын байланыстыра зерттеген. Оқу құралы жетік тілмен, мағыналы деңгейде жазылған.

Исақұлов Е.Б. Мемлекеттік кадрлық саясат негіздері: оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. – 274 б.

Оқу құралында мемлекеттік кадр саясатының негізгі масаттары, міндеттері, қағидаттары, формалары мен иегеру әдістері кадрлық әлеуетті басқару жүйесі ретінде қарастырылады. Ұйымдардағы персоналды басқарудың дәстүрлі бағыттарымен қатар, жаңа бағыттары да сипатталады.

Назарларыңызға
рахмет!